MOD FUSION

ЕҢ ЖАҚСЫЛАРДЫ БІРІКТІРУ ӨНЕРІ





ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ

Қымбатты BI Group клиенттері!
Сіздердің жаңа үйлеріңізге айналатын кеңістік жасау — біздің командамыз үшін үлкен құрмет әрі жауапкершілік.

Беріктікті, сенімділікті және жайлылықты қамтамасыз ету үшін біз құрылыстың әр кезеңін мұқият қадағалап, заманауи технологиялар мен жоғары сапалы материалдарды қолданамыз.

Таңдауларыңыздың маңыздылығын түсіне отырып, біз жаңа үйлеріңіз ұзақ жылдар бойы отбасыларыңыздың жайлы әрі қауіпсіз мекеніне айналуы үшін бар күшімізді саламыз.

Бізге сенім артып, тұрғын үй кешенімізді таңдағандарыңызға рахмет!

Құрметпен,
MOD Fusion жоба жетекшісі
Мазакбаев Данияр

МАЗМҰНЫ

Бет нөмірін басып, бөлімге өтіңіз

FUSION



Жоба туралы 4

Орналасқан жері 5

Маңыздының барлығы жаныңызда 7

Архитектура және дизайн 14

Абаттандырылған аула 16

Сәнді дәліз 19

Сіздің пәтеріңіз 24

Ақылды технологиялар 25

BIG+ жөндеуден өткен пәтерлері 26

Жайғастыру шешімдері 32

Функциялы үй-жайлар 34

Бизнеске арналған үй-жайлар 35

Ипотека және онлайн сатып алу 36

BI Service және бақыт министрлігі 37

BIG App мобильді қолданбасы 39

BI Club бейілдік бағдарламасы 40

БИГВИЛЛЬ ТУРАЛЫ



Стандарт, комфорт, комфорт+, бизнес

санаттары

MOD бигвиллі — жердің әр сантиметрі бос уақытты ұйымдастыру, жұмыс істеу, оқу және белсенді өмір салты үшін бірегей аймақтарға бай, абаттандырылған үлкен аумақта өмір сүрудің мүлдем жаңа тұжырымдамасы.

MOD — заманауи сәулетпен үйлескен жайлылық аумағы. Сіздің күш пен шабыт алатын, табиғат пен қала арасындағы үйлесімді табатын орныңыз, ол сізге қуат беріп, әрі қарай дамуға және жасампаздыққа шабыттандырады. Шынайы қарым-қатынас, жылы кездесулер, тату көршілік атмосферасы — бигвилльде бәрі махаббат заңдарына бағынады!

24 га
жалпы ауданы

2027 г
толық жүзеге асырылатын мерзімі

5 000
пәтер

12 000
тұрғын

FUSION

Кеңес алу



ОРАМ ТУРАЛЫ

MOD Fusion — қаланың қарқыны мен күнделікті өмірдің жайлылығы мұқият ойластырылып, бір ортада біріктірілген бизнес санатты кеңістік. Орам белсенді қаланың ішінде тыныш өмір ырғағын қалыптастырып, жеке кеңістік пен дамыған инфрақұрылым арасындағы тепе-теңдікті ұсынады.

Ішкі кеңістіктер ұсақ-түйегіне дейін мұқият ойластырылған: жасыл желекті аулалар, серуендейтін саяжолдар және демалыс аймақтары жайлылық пен қауіпсіздік сезімін тудырады. Мұнда қала ырғағынан қалыспай, уақытты жайлы өткізуге, серуендеуге, демалуға және үйге оралуға болады.

MOD Fusion өмірдің әртүрлі сценарийлерін — жұмысты, демалысты, қарым-қатынас пен жеке кеңістікті үйлестіріп біріктіреді. Мұнда жайлылық, мәртебе және өмірге заманауи көзқарас біртұтас бейнеде көрініс тауып, Fusion философиясын — барлық маңызды нәрселердің тамаша үйлесімін ұсынады.

БИЗНЕС
тұрғын үй санаты

8-12
қабат

42-155 м²
пәтерлердің ауданы

4-6
қабаттағы пәтер саны

1-5
пәтерлердің конфигурациясы

2027 ж. II тоқсаны
пайдалануға беру мерзімі

Кеңес алу



ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Тұрғын үй кешені Қасым Қайсенов көшесінің бойында, Нұра-Есіл жағалауына небәрі 10 минутта жетуге болатын тыныш әрі жайлы жерде орналасқан. Ауданның инфрақұрылымы дамыған, дүкендер, кафелер, мектептер, балабақшалар — қажет нәрсенің бәрі бар. Ыңғайлы көлік жол айырығының арқасында қаланың басқа аудандарына жету оңай.

- 5 мин — Білім-инновация лицейі
- 5 мин — Ә. Кекілбаев атындағы Binom мектебі
- 10 мин — Нұра-Есіл жағалауы
- 5 мин — KIS Astana
- 6 мин — EXPO аумағы
- 5 мин — Aldi BI балабақшасы
- 7 мин — Медицина кластері
- 7 мин — Mega Silk Way COO
- 4 мин — Бас мешіт

Кеңес алу





МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

BINOM инновациялық мектебі

BINOM School — жаңа форматтағы заманауи жалпы білім беретін мектептер, сапалы мектептік білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін құрылған. Оқыту мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жүргізіледі және функционалдық сауаттылық пен академиялық дағдыларды дамытуға бағытталған қосымша элективті курстармен толықтырылады.

BINOM мектептері заманауи білім беру моделін, мықты педагогикалық ұжымды және дамыған инфрақұрылымды үйлестіре отырып, оқушылардың білім алуына және дамуына қолайлы әрі технологиялық орта қалыптастырады.

- Оқыту қазақ және орыс тілдерінде
- Тегін мемлекеттік білім беру
- Мектеп жабдықталуы стандартты мектептерден 5 есе жоғары
- Зертханалар, STEM және робототехника
- Заманауи оқу кеңістіктері: коворкингтер және медиастудиялар

Сілтемеге өту үшін басыңыз

Кеңес алу

МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

«YOURT» КӨРШІЛЕР ОРТАЛЫҒЫ


Yourt — тұрғын үй кешені аумағындағы жеке көршілер сервисі, мұнда өзіңізге ыңғайлы форматта уақыт өткізіп, қалауыңызға сай тарифті таңдай аласыз.

Көршілеріңізбен және достарыңызбен бас қосыңыз, отбасыңызбен бірге уақыт өткізіңіз, тыныш ортада жұмыс істеңіз немесе сүйікті ісіңізге көңіл бөліңіз.

«Yourt» атауы қазақ халқының кеңпейілділік, ашықтық пен қонақжайлық дәстүрін бейнелейтін ерулік беру дәстүрімен үндес.

Балалар шеберлік сағаттарына қатысып немесе ойынға беріліп жатқанда, ересектер йогамен айналысып, жеке капсулада іскерлік кездесу өткізе алады немесе жайлы атмосферада тыныға алады.


*Yourt қызметтері қолданыстағы прейскурантқа сәйкес ақылы негізде көрсетіледі. Жобаны іске асыру барысында көршілер орталығының ауданы мен орналасқан жері өзгеруі мүмкін. Көршілер орталығының үй-жайы сатып алынатын жылжымайтын мүлік құрамына кірмейді және меншік иелерінің (кондоминиумның) ортақ мүлкі болып табылмайды. Үй-жайдың меншік иесі кейіннен оның функционалдық мақсатын және/немесе онда жүзеге асырылатын қызмет түрін өзгертуге құқылы.





- Коворкинг
- Шеберлік сағаттарына арналған кеңістік
- Музыка залы
- Кофехана
- Спорт залы
- Балалардың ойын бөлмесі
- Кітапхана
- Келіссөздер өткізуге арналған жеке капсулалар

Кеңес алу





МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

KAZAKHSTAN INTERNATIONAL SCHOOL ASTANA

Балаңыздың болашағы мектеп таңдаудан басталады. KIS Astana — әлемдік деңгейдегі білімге қол жеткізу кілті. Арнайы салынған жаңа мектеп Халықаралық бакалавриаттың (IB) толық бағдарламасын қуана ұсынады. IB — жоғары сапалы білім берудің дүние жүзінде мойындалған символы, қазіргі уақытта әлем бойынша 5 000-нан астам мектебі бар.

- Мектепке дейінгі білім беру
- Бастауыш мектептің IB бағдарламасы
- Көп мәдениетті орта
- Оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі

Кеңес алу





МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

MOD СЕРУЕНДЕУ САЯЖОЛЫ

MOD бигвилліндегі серуендеу саяжолы бойында жайқала өскен жасыл желекті екпелер, демалыс аймақтары, мейрамханалар мен кофеханалар галереясы бұл жерді жайлы және жарқын өмір сүруге қолайлы етеді. Сіз қаланың күйбең тіршілігінен демалып, жақын адамдарыңызбен бірге серуендеуден ләззат ала аласыз. Саяжол бүкіл бигвилль арқылы өтіп, оны Нұра-Есіл жағалауымен байланыстырады.

Қарқынды мегаполис ішінде қарбаластан алшақтап, демалатын және тыныштық табатын аумақ.

*Сурет шартты сипатқа ие


Кеңес алу

МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

НҰРА-ЕСІЛ ЖАҒАЛАУЫ

Нұра-Есіл арнасының жағалауы — белсенді және босаңсып демалатын аймақтары мен көрнекті жерлері бар елорданың жаңа інжу-маржаны. Сіз мұнда таза ауадан толық күш жинап, шығармашылық идеяларға шабыт ала аласыз немесе отбасыңыз-бен сейіл құрып, жай ғана жағымды уақыт өткізе аласыз. Бұл — адал достар мен жақсы көршілердің кездесетін орны.

*Қалалық саяжол бейнесі шартты сипатқа ие, қалалық және аудандық билік орындарының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.





Кеңес алу

МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

EXPO и ТРЦ MEGA Silk Way



MOD Fusion бизнестен бастап ойын-сауыққа дейінгі барлық салаларда өмір қызу қайнап жатқан жерде орналасқан. Жақын маңда EXPO көрме орталығы мен Mega Silk Way ең ірі сауда ойын-сауық орталығы бар. Мұнда дүкен аралап немесе тамаша мейрамханаларда түстеніп қана қоймай, көрмелерге, мұзайдынға және маусымдық іс-шараларға барып, белсенді уақыт өткізуге болады.

Жоба үлкен қала ырғағы мен айшықты және мазмұнды өмір сүру мүмкіндіктерін тамаша үйлестіреді.

Кеңес алу



АВТОРЛЫҚ АРХИТЕКТУРА

MOD Fusion тұрғын үй кешені — материалдардың, пішіндердің және қалалық ортаның үйлесімді тоғысуы идеясына негізделген авторлық архитектура.

Үйлердің сыртқы келбетінде клинкер тақта мен заманауи алюминий композитті панельдер тамаша үйлесім тауып, ұстамды әрі мұқият ойластырылған архитектуралық бейне қалыптастырады. Қасбеттердің айқын геометриясы, материалдардың контрастылығы және терезелердің жүйелі орналасуы көрнекі үйлесімді сақтай отырып, жобаның мәртебесін айқындайды.

MOD Fusion қалалық архитектураға еуропалық көзқарастан шабыт алып, Астана үшін мұқият ойластырылған біртұтас әрі танымал бейнені — сұлулық тек көрініс беріп қана қоймай, жайлылық пен беріктікке қызмет ететін заманауи тұрғын орта форматын белгілейді.

Кеңес алу



ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ

Қаңқасы –
монолит

Қасбеті –
алюминий композитті панельдер

Қабырғалары –
газ блогы

Терезелері –
екі камералы шыны пакеті орнатылған, бес камералы профилі бар үлкейтілген металл-пластик терезелер, алюминий витраждар

Қасбеті –
клинкер тақта

*Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.

Кеңес алу



ОҢАША АУЛА

MOD Fusion ауласы белсенді демалысқа және тыныш қалпына келуге арналған біртұтас кеңістік ретінде жобаланған. Аула аумағы қауіпсіздік пен жайлылықты ескере отырып ұйымдастырылған және ішіне көлік кірмейді.

Белсенді өмір салты үшін жаттығу құрылғыларымен және Foreman спорт кешенімен жабдықталған workout аймағы қарастырылған.

Аймақтарға бөлінген ойын кеңістіктері заманауи әрі сенімді ойын шешімдерін жасауда көшбасшы болып танылған халықаралық өндіруші Kompan-ның экологиялық қауіпсіз жабдығын пайдалана отырып жасалған.

Бірге уақыт өткізіп, жақын араласу үшін барбекю аймағы жабдықталған, сонымен қатар, оңашада демалатын тыныш аймақтар да бар.
Пішіндер, ырғақтар және өмірлік сценарийлер үйлесімінің символы ретінде Fusion тұжырымдамасын бейнелейтін мүсін ауланың композициялық орталығы қызметін атқарады. Көгалдандыру мен абаттандыру барлық элементтерді біртұтас және үйлесімді ортаға біріктіреді.

*Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие.

Кеңес алу

Жатып демалатын орындары бар тынығу аймақтары

BBQ - зона

Футбол алаңы

Workout-зона

Fusion инсталляциясы

ECO
Эко-материалдар






*Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие.

Кеңес алу

КӨГАЛДАНДЫРУ

Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан аламыз, бұл олардың сапасы мен өмір-шеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгеретінін бақылау сондай ғанибет.



Сурет шартты сипатқа ие. Көшет материалының өсуі бес жылға жуық уақыт алады.

Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:

- Қолайлы микроклимат
- Үйлесімді түс композициялары
- Өсімдіктерге күтім жасау
- Жан-жақты ойластырып, өсімдіктерді аймақтарға бөлу

Кеңес алу

ДӘЛІЗДЕРДІҢ САНДЫ ИНТЕРЬЕРІ

MOD Fusion дәліздері алғашқы қадамнан бастап жайлылық пен жеке кеңістік сезімін береді. Тыныш палитра, жұмсақ жарықтандыру және мұқият ойластырылған пропорциялар ұстамды әсемдік атмосферасын қалыптастырады.

Әрлеуде қолданылған МДФ, табиғи тас және тот баспайтын болат жобаның мәртебесін және шешімдердің ұзақ мерзімділігін айқындайды. Мұқият ойластырылған кіру топтары мен тыныш лифттер премиум деңгейлі лоббилермен салыстыруға болатын заманауи кеңістік бейнесін толықтырады.



Кеңес алу


MOD
FUSION


Тот баспайтын болат
Мәрмәр
МДФ
Керамогранит
01 Lobby



Кеңес алу




Кеңес алу

CLUBHOUSE КЕҢІСТІГІ


MOD Fusion Clubhouse — тұрғын үй кешенінің тұрғындары ғана қол жеткізе алатын оңаша кеңістік.
Бір үлкен және мұқият ойластырылған интерьерде демалуға арналған лаунж аймағы, жылы атмосферасымен қарсы алатын алауошақ аймағы, оңашада кітап оқуға болатын кітапхана, сондай-ақ жеке жұмыс істеуге және шағын топ болып кездесуге арналған коворкинг біріктірілген.




Кітапхана


Алауошағы бар бөлме


Кеңес алу



Топтық кездесулерге арналған коворкинг




Топтық кездесулерге арналған коворкинг



Күту аймағы

Кеңес алу



СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Жарық пен жылуға толы бұл пәтерлерде жайлылық үшін барлық жағдай жасалған. Жайғасымын мұқият ойластырып, аймақтарға сауатты бөлу әр кеңістікті функциялы етеді, ал форматын таңдау дәл сізге қолайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді. Сіздің өмір салтыңызға бейімделетін пәтерде сіздің жаңа тарихыңыз басталады.

Бүкіл пәтер, соның ішінде санитарлық торап жөндеуден өтіп, дайын күйде ұсынылуы уақыт пен қаражатты үнемдейді — жай ғана кілтін алып, бірінші күннен бастап раха-тын көріңіз.

Бастапқы әрлеу өзінің дизайнерлік идеяларын жүзеге асырып, бірегей интерьер жасағысы келетіндерге арналған.

Терезелерде балалардың құлауынан қорғаныс

Негізгі әрлеу

Пәтерлердің конфигурациясы 1 бөлмеліден 5 бөлмеліге дейін

Пәтерлердің ауданы — 42-155 м²

Есік ойықтарының биіктігі – 2,3 метрге дейін

Электронды құлыптар

Кеңес алу

АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Пәтердегі «ақылды үй» топтамасы тұрғындардың жайлылығы үшін арнайы орнатылған, тұрмысты жеңілдетіп, автоматтандырудың көптеген мүмкіндіктерін ұсынады.

- Су ағу датчигі
- Барлығын өшіру функциясы
- Қозғалыс датчигі
- Түтін датчигі
- Есік датчигі
- Ауыз бөлмедегі жарықты басқару
- Мобильді қолданба арқылы басқару

Connected Home®

THE ART OF LIVING SMART



1500+ АҚЫЛДЫ ҮЙ ЖҮЙЕСІ ОРНАТЫЛДЫ

басыңыз да, сайтқа өтіңіз

ҮЙІҢІЗДЕ НЕ БОЛЫП ЖАТҚАНЫНАН ӘРДАЙЫМ ХАБАРДАР БОЛЫҢЫЗ

Пәтер құнына кіреді

Кеңес алу



BIG+ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН ПӘТЕРЛЕРІ

Астанада BI Group-тың жаңа BIG+ жобасын — сіздің жайлылығыңыз үшін барынша қамқорлықпен жасалған, таза әрленген пәтерлерді ұсынамыз. Мұқият ойластырылған эргономика және заманауи жөндеу — өміріңіздің жаңа кезеңін

- Уақыт пен жүйкені үнемдеу
- Ақшаны үнемдеу
- 1 жылға кепілдік
- «Көшіп келіңіз де, тұра беріңіз» концепциясы
- Жөндеу құнын ипотекаға қосу мүмкіндігі

Кеңес алу

Конструктивтер	BIG Basic	BIG Optima	BIG Prime
	Сұр/Қоңыр сарғыш	Сұр/Қоңыр сарғыш	Қоңыр сарғыш
Есік жиынтығы	2,2 м Belwooddoors (Белоруссия)	2,2 м Belwooddoors (Белоруссия)	2,3 м Belwooddoors (Белоруссия)
Ламинат	33-ші класс, қиыққиегі бар	33-ші класс, қиыққиегі бар	33-ші класс, қиыққиегі бар
Еденкемерлер	Полиуретан, 8 см	Полиуретан, 8 см	Полиуретан, 12 см
Санитарлық торап пен кіре берістегі жылы еден		✓	✓
Қабырғадағы сәндік профиль		✓	✓
Санитарлық тораптағы еден керамикалық плиткасы	600x600 мм (Қазақстан)	600x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Қабырғадағы керамикалық плиткасы	600x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Лас аймақ пен балкондағы керамикалық плиткасы	600x600 мм (Қазақстан)	600x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Ас үй бөлмесіндегі фартук керамикалық плиткасы	1200x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Балалар бөлмесіндегі фототұсқағаз		✓	✓
Тұсқағаз	боялатын, 130 гр	боялатын, 130 гр	боялатын, 130 гр
Қабырғадағы бояу	SHEBER Maler (Қазақстан)	Marshal Euro 7 (Түркия)	Tikkurila (Финляндия)
Төбе	Кермелі төбе	Кермелі төбе	ГҚТ төбе
Төбедегі көлеңкелі профиль		✓	✓
Төбедегі тығыздағышы бар багет	✓		
Жарықтандыру	Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар	Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар	Магнитті шамдары бар магнит тректер. Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар
Розеткалар/Ажыратқыштар	Auroom (Қытай)	Schneider Electric (Франция)	JUNG LS серия (Германия)
Санитарлық тораптағы сантехникалық құралдар	Haiba (Қытай)	Grohe (Германия)	Grohe (Германия)
Инсталляция	Visam Slim (Қытай)	Grohe (Германия)	Grohe (Германия)
Унитаз	Saniteco (Қытай)	Saniteco (Қытай)	Grohe (Германия)
Ванна	Акрилді 1700x700 мм	Акрилді 1700x700 мм	Акрилді 1700x700 мм
Қолжуғыш	Раковинасы бар ілмелі тумба 610x470 мм	Раковинасы бар ілмелі тумба 610x470 мм	Раковинасы бар ілмелі тумба 610x470 мм
Айна	Жарықтандырылатын сәндік	Жарықтандырылатын сәндік	Жарықтандырылатын сәндік

Кеңес алу

BIG BASIC









*Иллюстрацияда BIG Basic пакеті көрсетілген

Кеңес алу

BIG OPTIMA









Кеңес алу

BIG PRIME









Кеңес алу

АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Электронды құлыптар

Электронды құлып қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады. Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

Ашу тәсілдері:

- Face ID
- Саусақ ізі және алақан тамырларының өрнегі
- PIN код
- Карта (RFID)
- Мобильді қолданба

Қауіпсіздік:

- ·Бұзып кірген кездегі дабыл
- ·Қосарлы авторландыру режимі
- Деректерді сақтай отырып, бейнежазбаға тіркеу




Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

IP-ДОМОФОН ЖҮЙЕСІ

IP-домофон – домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

Мүмкіндіктері:

- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты панельдің интерфейсі мен түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Кеңес алу

АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Электрлі автокөлікке арналған қуаттау станциясы

Тұрғын үй кешенінің аумағында автокөлігіңізді кез келген ыңғайлы уақытта тез әрі қолайлы түрде қуаттаңыз. Заманауи қуаттау инфрақұрылымы жайлы қалалық өмірдің ажырамас бөлігіне айналуда.

Артықшылықтары:

- Үйдің маңында қуаттау мүмкіндігі
- Заманауи технологиялар
- Қауіпсіз пайдалану
- Ыңғайлы қосылу
- Уақытты үнемдеу
- Күнделікті жайлылық
- Заманауи өмір салтына сай инфрақұрылым
- Болашаққа және экологиялық таза көлікке қамқорлық.




Сурет шартты сипатқа ие.


Кеңес алу

ЖАЙҒАСЫМДАР

Қабат жоспары: 2-ші кіреберіс, 4-ші қабат



▲ Терезелері аулаңызға қарайды




Болашақта салынатын көше

Кеңес алу


ЖАЙҒАСЫМДАР

Қабат жоспары: 4-ші кіреберіс, 5-ші қабат



5-ші кіреберіспен түйіседі


Терезелері аулаңызға қарайды



Кеңес алу


ФУНКЦИЯЛЫ ҮЙ-ЖАЙЛАР

*Тұрақ орны мен сақтау жайлары бөлек сатып алынады.



Көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді ылғал мен жаңбырдан, қатты аяз бен аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден және балалардың абайсыз ойындарынан қорғаңыз. Көлігіңіз алдын ала қыздырмай-ақ жүруге дайын болады.



Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге де, айналаңыздағы адамдарға да ыңғайлы велосипед тұрағын қарастырдық.



Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

Кеңес алу

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАР

Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады. Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әртүрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әртүрлі бизнес түрлеріне арнап таңдау мүмкіндігін береді.

Өтімділік

Ыңғайлы орналасуы трафиктің жылдан-жылға арта түсетініне кепілдік береді.

Еркін жайғасым

Үй-жайды толығымен өз бизнесіңіздің қажеттіліктеріне бейімдеп жайластыруға мүмкіндік береді.
Үй-жайлардың ауданы: 65-264 м2

3,9 метрлік биік төбелер

Үй-жайды толығымен өз бизнесіңіздің қажеттіліктеріне бейімдеп жайластыруға мүмкіндік береді.
Үй-жайлардың ауданы: 65-264 м2

Витражды айнектеу

Жарықтың молдығы бизнесіңіздің көшеден анық көрінуіне мүмкіндік береді.



Толық ақпаратты нөмірінен біле аласыз **770**

Кеңес алу

ONLINE САТЫП АЛУ

Қарапайым. Жылдам. Ыңғайлы.

Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?


Уақыт үнемдеу
Кептелістер, бағдар-шамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пә-терді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады.

Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу
Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз.

Икемді төлем тәсілдері
Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу – өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.

Әр кезеңде қолдау көрсету
Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.

Ашықтық және сенімділік
BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.



1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу

• Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.

• Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін дербес менеджер бекітіледі.

2. Цифрлық сату офисі менеджерінің көмегімен сатып алу

• Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.

• Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.

Кеңес алу

BI SERVICE

20 жыл бойы бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде бізге 500 мың тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіпсіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

Біз 7 млн м²-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

- 550 үй
- 4 000 офис
- 1 100 коттедж
- 32 000 тұрақ орны

Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- 24/7 жедел ақпарат беру;
- Ашық қаржылық басқару;

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
Тұрғын үй-жайлар – м²-іне 250 теңгеден басталады,
офистер – м²-іне 499 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 10 000 теңгеден басталады.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықталуына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



Кеңес алу

БАҚЫТ МИНИСТРЛІГІ

Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыратын және олардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін тату көршіліктің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.

Бақыт министрлігімен барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Таза ауада жаттығу;
- Тауға жорыққа шығу;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Концерттер мен көрмелер;
- Бірлескен ме







BI GREEN



Ағаш отырғызу – отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.Біз тұрғындармен бірлесіп,50 000-нан астам ағаш пен бұта отырғыздық. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.

Кеңес алу

BIG APP МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАСЫ

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.

- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары

- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (live құрылысы)


- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау

- Жылжымайтын мүлікті таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу

- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі

- BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер

қолданбаны орнату үшін басыңыз



Кеңес алу

BI CLUB БЕЙІЛДІК БАҒДАРЛАМАСЫ

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, BIcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!



Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

BI BRONZE
*бірінші пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 4% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 5% жеңілдік

BI SILVER
*3 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 6% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 7% жеңілдік

BI GOLD
*5 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 8% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 9% жеңілдік

BI BRONZE+
*2 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 5% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 6% жеңілдік

BI SILVER+
*4 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 7% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 8% жеңілдік

BI GOLD+
*6 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 9% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 10% жеңілдік

BI PLATINUM
*7 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 10% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 11% жеңілдік

BI DIAMOND
*жылына 700 миллионнан басталатын инвестицияда
пәтерлерге 12% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 13% жеңілдік

BIcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген саудаңыздың чектерін жүктеңіз! Толығырақ: loyalty.bi.group

Кеңес алу

BI GROUP

Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5Г,
«Лазурный квартал»
ТҮК

Т. Рысқұлов көшесі, 9
Nexpo Trend

Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан к-сі, 28

Онлайн сату
орталығы
360

Алматы қ.

«Гранд Алатау» БО
Тимирязев көшесі, 28в

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қ. Сәтбаев даңғылы, 43а
Infinity Mall СОО

Қарағанды қ.

Бұқар жырау даңғылы,
51/4-құрылыс
51 бизнес орталығы

БАҚЫТ ҚҰШАҒЫНДА ӨМІР СҮРІҢІЗ

Кеңес алу

360

Жоба туралы ақпарат/жарнама жеке және заңды тұлғалардың қаражатын тарту үшін емес, аталған өнімге сұранысты анықтау мақсатында жарияланады. ҚР АК 395-бабына сәйкес, бұл жарнама жария оферта емес.

Басып шығарылған күні 2026.23.01